

2026. 13 (2)

Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026

© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 2, pp. 414-431, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_414-431

LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945)

Zharkynbayeva Roza Seydalievna¹, Zhanabay Aimur Polatkyzy^{2*}

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of the History of Kazakhstan
 <https://orcid.org/0000-0001-8560-1654>. E-mail: roza.zharkynbayeva@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
PhD student
 <https://orcid.org/0009-0009-3411-1458>. E-mail: zhanabay.aynur@gmail.com

*Corresponding author

© Valikhanov IHE, 2026
© Zharkynbayeva R.S., Zhanabay A.P., 2026

Abstract. *Introduction.* The outbreak of the war further aggravated the material and everyday problems that had accumulated in society, sharply worsened working conditions, and led to an increase in morbidity among the population. In the second half of 1941 and the first half of 1942, industrial enterprises and their personnel were relocated to the republic from front-line areas, along with significant numbers of evacuated civilians, in addition to transfers to the Urals and Siberia. Alongside evacuation and deportation, measures were implemented to mobilize the population for labor and to forcibly relocate people both within the republic and beyond its borders. *Goals and objectives.* This article attempts to analyze the key factors that influenced the health status of workers in the Kazakh SSR and the condition of medical care during the war years (1941–1945). The study is based on regulatory and legal acts as well as archival documents from central and regional archives of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. The research relies on the methodological approaches of the history of everyday life and labor (working-class) history. *Results.* It is concluded that the mass displacement of labor resources caused by the war, the deterioration of material and living conditions and working conditions, together with the extension of the working week, the increase in the length of the working day, and the excessive intensification of labor, had a direct impact on the health of industrial workers. *Conclusion.* Despite its shortcomings, the production-based principle of providing medical care to workers proved to be the most viable model under the extreme conditions of wartime. In a context of severe resource shortages, this system made it possible to maintain, to a certain extent, the health of workers employed in industries of strategic importance for the front.

Keywords: Kazakhstan, industry, workers, material and living conditions, working conditions, morbidity, healthcare services


Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the research project “Labour Mobilization of the Population of the Kazakh SSR in 1941–1945: State Policy and Adaptation Practices” funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan


(IRN of the project: AP23490680).

For citation: Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P. Living conditions, labor conditions, and medical care of workers in the Kazakh SSR during the war years (1941–1945) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 414–431. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_414-431

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ (1941–1945 ЖЖ.)

Жаркынбаева Роза Сейдалиевна¹, Жаңабай Айнұр Полатқызы^{2}*

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры
 <https://orcid.org/0000-0001-8560-1654>. E-mail: roza.zharkynbayeva@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD докторанты
 <https://orcid.org/0009-0009-3411-1458>. E-mail: zhanabay.aynur@gmail.com

* Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТАЭ, 2026
© Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П., 2026

Аңдатпа. Соғыстың басталуы қоғамда бұрыннан қордаланып келген материалдық-тұрмыстық түйткілдерді одан әрі ушықтырып, еңбек жағдайын күрт нашарлатты әрі халық арасындағы аурушаңдық таралуын арттырды. 1941 жылдың екінші жартысы мен 1942 жылдың алғашқы жартысында республикаға Орал мен Сібір өңірлерімен қатар майданға жақын аймақтардан өнеркәсіп орындары мен олардың кадрлары көшіріліп, сонымен бірге эвакуацияланған халықтың қомақты бөлігі орналастырылды. Эвакуация мен депортация қатар жүргізіліп қана қоймай, республика ішінде де, одан тыс жерлерге де халықты еңбекке жұмылдыру және күштеп қоныс аударту шаралары жүзеге асырылды.

Бұл мақалада соғыс жылдарында (1941–1945 жж.) Қазақ КСР жұмысшыларының денсаулық жағдайына және медициналық қызмет көрсетудің жай-күйіне әсер еткен негізгі факторларды талдауға талпыныс жасалады. Зерттеу Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының орталық және өңірлік архивтерінен алынған нормативтік-құқықтық актілер мен архивтік құжаттарға сүйенеді. Зерттеудің негізін күнделікті өмір тарихы мен еңбек (жұмысшылар) тарихы бағыттарының әдіснамалық ұстанымдары құрайды.

Соғыстың салдарынан еңбек ресурстарының жаппай орын ауыстыруы, материалдық-тұрмыстық жағдайлар мен еңбек ахуалының нашарлауы, сонымен қатар жұмыс аптасының ұзартылуы, жұмыс күні ұзақтығының артуы және еңбектің шектен тыс қарқындылығы өнеркәсіп жұмысшыларының денсаулығына тікелей әсер еткені жөнінде қорытынды жасалады.

Жұмысшыларға медициналық көмек көрсетудің өндірістік қағидаты өз кемшіліктеріне қарамастан, соғыс жағдайындағы төтенше ахуалда ең қолайлы үлгі ретінде танылды. Ресурстар тапшылығы жағдайында бұл жүйе майдан үшін стратегиялық тұрғыдан аса маңызды өнеркәсіп салаларында еңбек еткен жұмысшылардың денсаулығын белгілі бір деңгейде сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: Қазақстан, өнеркәсіп, жұмысшылар, материалдық-тұрмыстық жағдайлар, еңбек жағдайлары, сырқаттанушылық, медициналық қызмет көрсету


Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің


AP23490680 «1941–1945 жж. Қазақ КСР халқының еңбек мобилизациясы: мемлекеттік саясат және бейімделу практикалары» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде даярланды.

Дәйексөз үшін: Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П. Соғыс жылдарындағы (1941–1945 жж.) Қазақ КСР жұмысшыларының тұрмыс-тіршілік жағдайы, еңбек ахуалы және медициналық қызмет көрсетуі // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 414–431 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_414-431

УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.)

Жаркынбаева Роза Сейдалиевна¹, Жаңабай Айнур Полаткызы^{2}*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор кафедры истории Казахстана
 <https://orcid.org/0000-0001-8560-1654>. E-mail: roza.zharkynbayeva@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
PhD докторант
 <https://orcid.org/0009-0009-3411-1458>. E-mail: zhanabay.aynur@gmail.com

*Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П., 2026

Аннотация. *Введение.* Начавшаяся война обострила все имеющиеся материально-бытовые проблемы, ухудшила ситуацию с условиями труда и заболеваемостью населения. В течение второй половины 1941 г. и первой половины 1942 г. в республику, наряду с Уралом и Сибирью, из прифронтовой зоны была перебазирована промышленность и ее кадры, а также значительное количество эвакуированного населения. Наряду с эвакуацией и депортацией, осуществлялась трудовая мобилизация и перемещение населения как в республике, так и за пределами. *Цель и задачи исследования.* В данной статье предпринята попытка проанализировать факторы, оказывавшие влияние на состояние здоровья и медицинское обслуживание рабочих Казахской ССР в военные годы (1941–1945 гг.). Исследование опирается на нормативно-правовые акты и архивные документы, извлечённые из ряда центральных и региональных архивов РК и РФ. Концептуальной основой исследования являются подходы истории повседневности и рабочей истории. *Результаты.* Вызванные войной массовые перемещения трудовых ресурсов, ухудшение материально-бытовых условий и условий труда, вкупе с удлинением рабочей недели, увеличением продолжительности рабочего дня, сверх интенсификацией труда отразились на здоровье промышленных рабочих. *Заключение.* Производственный принцип оказания медицинской помощи рабочим, несмотря на свои недостатки, оказался наиболее приемлемым в условиях военной экстремальности, позволившим в условиях дефицита ресурсов поддержать рабочих стратегически/наиболее важных для фронта отраслей промышленности.

Ключевые слова: Казахстан, промышленность, рабочие, материально бытовые условия, условия труда, заболеваемость, медицинское обслуживание

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации научно-исследовательского проекта «Трудовая мобилизация населения Казахской ССР в 1941–1945 гг.: государственная

политика и практики адаптации» по гранту Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (ИРН проекта: AP23490680)

Для цитирования: Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. Условия жизни и труда и медицинское обслуживание рабочих Казахской ССР в военные годы (1941–1945 гг.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 414–431. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_2_414-431

Кіріспе

Ұлы Отан соғысы (1941–1945 жж.) жылдары Қазақстан КСРО-ның ірі тылдық индустриялық аймақтарының біріне айналды. Республика аумағына майдан шебіне жақын өңірлерден ондаған өнеркәсіп кәсіпорындары көшіріліп, олармен бірге мыңдаған жұмысшылар мен инженерлік-техникалық қызметкерлер орналастырылды. Сонымен қатар еңбекке жұмылдырылған әскери міндеттілер, арнайы қоныс аударылғандар, эвакуацияланған халық, әскери тұтқындар мен фабрика-зауыт оқыту мектептерінің түлектері өндірістік үдерістерге тартылды. Қысқа мерзім ішінде өндірістік қуаттардың шоғырлануы, еңбек ресурстарының жаппай орын ауыстыруы және жұмыс уақытының ұзаруы әлеуметтік инфрақұрылымға, тұрғын үй қоры мен санитарлық жүйеге айтарлықтай салмақ түсірді.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихнамасында өндірістік мобилизация, эвакуация және тылдағы еңбек ерлігі мәселелері кеңінен қарастырылғанымен, жұмысшылардың күнделікті өмірі, еңбек жағдайы мен медициналық қамтамасыз ету жүйесінің нақты ұйымдастырылу тәжірибесі өзара байланыста кешенді түрде талдана қойған жоқ. Әсіресе өндірістік принципке негізделген медициналық қызмет көрсету жүйесінің еңбек режимі, тұрмыстық орта және сырқаттану көрсеткіштерімен сабақтастығы жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Соғыс жағдайындағы ресурстық шектеулер, санитарлық инфрақұрылымның әлсіздігі, сумен жабдықтау мәселелері, арнайы киім мен қорғаныс құралдарының тапшылығы өндірістік жарақаттану мен кәсіби сырқаттанудың өсуіне ықпал етті. Жұқпалы және асқазан-ішек ауруларының таралуы да еңбек пен тұрмыс жағдайымен тікелей байланысты болды. Мұндай жағдайда жұмысшылардың денсаулығын сақтау тек әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі ғана емес, өндірістік жоспарларды орындаудың алғышартына айналды.

Осы зерттеу 1941–1945 жылдары Қазақ КСР жұмысшыларының тұрмыс-тіршілік жағдайы, еңбек ахуалы және медициналық қызмет көрсету жүйесінің өзара ықпалын архивтік деректер негізінде талдауға бағытталады. Өндірістік мобилизацияның әлеуметтік салдарын, еңбек режимінің күшеюі мен санитарлық инфрақұрылымның жағдайын, сондай-ақ медсанчастер мен цехтық медпункттерге негізделген өндірістік медициналық үлгінің мүмкіндіктері мен шектеулерін біртұтас жүйе ретінде қарастыру көзделді. Осы мақсатта материалдық-тұрмыстық орта мен сумен жабдықтау деңгейінің денсаулық көрсеткіштерімен байланысы айқындалып, еңбек қарқынының артуы мен өндірістік ортаның жарақаттану және кәсіби сырқаттану динамикасына әсері талданады, сонымен қатар соғыс жағдайындағы ресурстық тапшылық пен партиялық-бақылау тетіктерінің медициналық-санитарлық қамтамасыз етуге ықпалы бағаланады.

Мәселені өндірістік саясат, еңбек тәртібі, әлеуметтік инфрақұрылым және медициналық ұйымдық құрылым арасындағы өзара тәуелділік аясында қарастыру соғыс жылдарындағы жұмысшылар денсаулығы мәселесін жекелеген санитарлық сипаттамалар деңгейінде емес, құрылымдық және институционалдық контексте пайымдауға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тылының әлеуметтік тарихын тереңдетіп, индустриялық мобилизация жағдайында адам капиталының сақталуы мен әлсіреу факторларын ғылыми тұрғыдан бағалауға бағытталған.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының орталық және өңірлік архивтерінде сақталған нормативтік-құқықтық актілер, партиялық-басқару құжаттары, кәсіпорындардың өндірістік-тұрмыстық есептері, санитарлық бақылау

материалдары, сырқаттану мен жарақаттануға қатысты анықтамалар, сондай-ақ кәсіподақ құрылымдарының құжаттары құрайды. Аталған деректер жұмысшылардың тұрмыс-тіршілігі, еңбек ахуалы және медициналық қызмет көрсету жүйесінің жұмыс істеу тәжірибесін нақты фактілер арқылы қалпына келтіруге және талдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің (ҚР ҰА) 79-қоры («1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына арналған көрмені дайындау барысында жинақталған құжаттар топтамасы») материалдары эвакуацияланған кәсіпорындар қызметкерлерінің тұрмыстық жағдайы, тұрғын үй мәселесі, санитарлық ахуал және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерін сипаттайтын деректерді қамтиды. Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің (РФ МА) Р-5475-қоры («Құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподақтарының орталық комитеттері») құжаттары еңбек тәртібі, өндірістік жарақаттану, еңбек қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық шаралар мен әлеуметтік қорғау тетіктеріне қатысты мәліметтерді береді.

Ақпараттық мазмұны жоғары деректер кешені Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде (ҚР ПА) шоғырланған. Атап айтқанда, 708-қор («Ерекше папкалар»), 725-қор (Партиялық бақылау комиссиясы материалдары), 1110-қор (Алматы ауыр машина жасау зауыты партия комитеті), 1856-қор (С. М. Киров атындағы машина жасау зауыты партия комитеті) құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Бұл материалдар өндірістегі санитарлық жағдай, еңбек тәртібі, қауіпсіздік талаптарының орындалуы, медпункттер қызметі және медициналық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы сияқты мәселелерді партиялық бақылау және әкімшілік басқару деңгейінде айқындауға мүмкіндік берді.

Өңірлік архивтер қатарынан Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивіндегі (ТоҚСТМА) 234-қор («Қорғасын зауыты») және 40-қор («Шымкент облыстық КП(б)К комитеті») құжаттары пайдаланылды. Республикадан жұмылдырылып, Орта Орал кәсіпорындарына жіберілген жұмысшылардың тұрмыс-тіршілігі мен еңбек жағдайын реконструкциялауда Свердлов облысының Қоғамдық ұйымдар құжаттамасы орталығының (СОҚҰҚО) 4-қоры («Свердлов облыстық ВКП(б) комитеті») материалдары маңызды деректік база болды.

Осылайша, деректер кешені әртүрлі деңгейдегі (республикалық, өңірлік, кәсіпорындық) құжаттарды қамти отырып, жұмысшылардың тұрмыстық жағдайы, еңбек ортасы және медициналық қызмет көрсетуі арасындағы өзара ықпалды кешенді талдауға негіз болды.

Зерттеудің тұжырымдамалық-әдіснамалық негізін әлеуметтік тарих, күнделікті өмір тарихы және еңбек (жұмысшылар) тарихы бағыттарының ұстанымдары құрайды. Күнделікті өмір тарихы тәсілі жұмысшылардың тұрмыс-тіршілігін санитарлық инфрақұрылым, тұрғын үй, сумен қамту, гигиена мүмкіндіктері сияқты индикаторлар арқылы нақты әлеуметтік тәжірибе деңгейінде қарастыруға мүмкіндік береді. Еңбек тарихы тәсілі еңбек режимі (жұмыс аптасы мен жұмыс күні ұзақтығы), еңбек қауіпсіздігі, өндірістік жарақаттану және кәсіби сырқаттану мәселелерін өндірістік саясатпен байланыста талдауға бағытталды. Әлеуметтік тарих ұстанымдары эвакуация, мобилизация және кадрлық орын ауысулардың әлеуметтік инфрақұрылым мен медициналық қамтамасыз етуге түсірген қысымын құрылымдық деңгейде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Зерттеу тарихилық, кешенділік және объективтілік қағидаттарына сүйенеді. Тарихилық қағидаты зерттеліп отырған құбылыстарды соғыс уақытының нақты әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларымен байланыстыра талдауға мүмкіндік берді. Кешенділік қағидаты еңбек жағдайы, тұрмыс ахуалы және медициналық қызмет көрсетудің өзара байланысын қатар қарастыру арқылы жүзеге асырылды. Объективтілік қағидаты әртүрлі архивтік қорлардан алынған деректерді салыстыру, бір мәселе бойынша бірнеше типтегі құжатты қатар пайдалану және құжаттардың институционалдық ерекшеліктерін ескеру арқылы сақталды.

Талқылау

Соғыс жылдарындағы кеңестік жұмысшылардың материалдық-тұрмыстық жағдайы мен

медициналық қызмет көрсету мәселелері кеңестік кезеңдегі, сондай-ақ посткеңестік Ресей мен Қазақстан тарихнамасында ішінара қарастырылды. Кеңестік тарихнамада бұл мәселелер негізінен медицина тарихы аясында көрініс тапты. Отандық денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуына арналған алғашқы еңбектердің бірі – Денсаулық сақтау халық комиссары С.А. Чеснаковтың зерттеуі болды. Бұл еңбек соғыс аяқталғаннан кейін бірден жарық көріп, Қазақ КСР-дің 25 жылдығы аясында жұмысшылардың денсаулығын қорғау саласындағы жетістіктерді қорытындылауға арналған сипат алды (Чеснаков, 1946: 71).

1957 жылы М.И. Барсуковтың редакциясымен «КСРО денсаулық сақтау тарихының очерктері» жарияланды. Бұл еңбектің құндылығы – архивтік құжаттар, мерзімді баспасөз материалдары, кеңестік медицина қайраткерлерінің естеліктері мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, КСРО-дағы денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру тәжірибесін жинақтап көрсетуінде (Барсуков, 1957: 393). Арада бір жыл өткен соң Р.И. Самриннің «Қазақстан денсаулық сақтау тарихының очерктері» жарық көрді. Еңбектің бір тарауы соғыс жылдарындағы денсаулық сақтау жағдайына арналған. Автордың айтуынша, бұл зерттеу орталық және республикалық архивтердің бірқатар құжаттарына негізделіп, «Қазақстан денсаулық сақтау тарихын жүйелі түрде баяндаудың алғашқы талпынысы» болды (Самрин, 1958: 161). Сондай-ақ В.С. Кожуриннің зерттеуін ерекше атап өткен жөн. Ол әлеуметтік тарих тұрғысынан кеңестік жұмысшыларға көрсетілген санитарлық-эпидемиологиялық және емдеу-профилактикалық қызметті кешенді түрде талдауға бағытталған салмақты еңбек ретінде бағаланады (Кожурин, 1990: 288).

Кеңестік тарихнаманың осы мәселені қарастыруда құнды деректік материалдардың молдығына қарамастан, еңбектер негізінен денсаулық сақтау саласындағы кеңестік саясаттың революцияға дейінгі кезеңмен салыстырғандағы жетістіктерін көрсетуге бағытталды. Соның салдарынан көптеген күрделі мәселелер назардан тыс қалып, тиісті деңгейде көрініс таппады.

Соңғы онжылдықтардағы шетелдік және отандық тарихнама архивтік құжаттарға қолжетімділіктің кеңеюі және зерттеу тәсілдерін таңдаудағы плюрализмнің артуына байланысты бірқатар еңбектермен ұсынылып отыр. Атап айтар болсақ, кеңестік денсаулық сақтау жүйесінің қалыптасуын талдаған батыс тарихшылары демографиялық дағдарыс жағдайында және биліктің тұрақты легитимдігін орнықтыруға ұмтылыс барысында халық денсаулығына қамқорлық жасауды кеңестік мемлекет әлеуметтік саясаттың аса маңызды құралдарының бірі ретінде қарастырған деген қорытындыға келеді (Starks, 2017: 1718–1724)

Өздерінің соңғы зерттеулерінің бірінде белгілі ғалымдар В. Голдман мен Д. Фильцер соғыс жылдарында кеңестік мемлекеттің халық арасындағы жоғары аурушандықтың себептерін толық немесе тіпті ішінара жоюға қауқарсыз болғанын, сондықтан денсаулықты қорғаудың ең қарапайым шараларына жүгінуге мәжбүр болғанын атап өтеді. Соғыстың бастапқы кезеңіндегі қиындықтарға қарамастан, кейінгі уақытта бұл жүйе жеткілікті дәрежеде тиімді жұмыс істеді (Goldman, Wendy, Filtzer, 2021: 428).

Д. Фильцердің зерттеулерінде созылмалы және жедел аурулардың басым бөлігі әлеуметтік мәселелер кешенімен тікелей байланысты екені көрсетіледі және тұрғын үй жағдайы, кәріз жүйелеріне қолжетімділік пен қауіпсіз ауызсу, қалалардың тазалығы, халықтың жуыну мүмкіндігі мен жеке бас гигиенасының ең төменгі талаптарын сақтау жеке жайлылық мәселесі емес, керісінше жұқпалы ауруларға шалдығу ықтималдығын айқындайтын шешуші факторларға айналғаны жөніндегі тұжырымдар алға тартылады (Фильцер, 2011: 359).

Соғыстан кейінгі кезеңдегі денсаулық сақтау саясатын зерттеу К. Бартонға кеңестік мемлекеттің әлеуметтік мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді (Бартон, 2007: 541–558). Ал 1930–1940 жылдардағы кеңестік Қазақстандағы медицинаның дамуы, медициналық кадрларды даярлау және халық денсаулығын қорғау саласындағы саясат П. Майклстың еңбегінде қарастырылған. Автор кең ауқымды әрі репрезентативті дереккөздерге сүйене отырып, соғыстың республиканың санитарлық жүйесіне тигізген күйретуші әсерін және соғысқа дейінгі жылдары қол жеткізілген шектеулі жетістіктерді айқын көрсетеді (Michaels, 2003: 272).

Қазіргі ресейлік тарихнамада халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға (Красноженова, 2012: 140–143) эпидемиялармен күреске және Ресейдің әртүрлі өңірлерінде санитарлық саулықты сақтауға арналған зерттеулерді бөліп көрсетуге болады (Усольцева, 2016: 128–137). Ресейлік зерттеуші М.Ю. Кимнің еңбегінде кеңестік индустрияландыру кезеңіндегі ең өзекті әлеуметтік мәселелер Қарағанды көмір бассейні мысалында талданған. Атап айтқанда, тұрғын үй-коммуналдық мәселелер, эпидемиялармен күрес және жұмысшыларды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету жүйесінің дамуы қарастырылады (Ким, 2017: 216).

Қазіргі қазақстандық тарихнамада ХХ ғасырдың алғашқы үштен бірінде Қазақстан аумағында жұқпалы аурулардың таралуы мен оларға қарсы күрес (Кокебаева, 2021: 673–684), соғыс жылдарында халықтың жекелеген топтарына көрсетілген медициналық-санитарлық қызметтің ерекшеліктері (Жаркынбаева, 2025: 459–471), сондай-ақ соғыстан кейінгі кезеңде республиканың жекелеген өңірлеріндегі денсаулық сақтау жүйесінің даму деңгейі зерттелген еңбектерді атап өтуге болады (Сактаганова, 2015: 90–99).

Соңғы жылдары қорғаныс кәсіпорындары жұмысшыларының аурушандығына әлеуметтік инфрақұрылымның ықпалы Орал-Еділ бойы өңірі мен Қазақ КСР мысалында қарастырылған (Потемкина, 2023: 53–64), сондай-ақ кеңестік денсаулық сақтау жүйесінің соғыс жағдайындағы қызмет ету ерекшеліктері оның құрамдас бөліктерінің бірі – жұқпалы аурулармен күрес арқылы талданған зерттеулер жариялануда (Жаркынбаева, 2025: 129–149). Алайда жекелеген еңбектерде жарақаттану деңгейі, оның ішінде жазатайым оқиғалар мен аурушандық статистикасы белгілі бір дәрежеде қамтылғанымен (Жаркынбаева, 2023: 374), соғыс жылдарында Қазақ КСР жұмысшыларының аурушандығына материалдық-тұрмыстық жағдайлардың ықпалы және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың ерекшеліктері арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ.

Материалдық-тұрмыстық жағдайлар және жұмысшылардың денсаулығы

Аталған кезеңде, тек Алма-Ата қаласының өзінде 1941–1943 жылдары 34 зауыт, фабрика және жекелеген кәсіпорындардың цехтары орналастырылды. Олардың қатарында ауыр машина жасау зауыты, электротехникалық зауыт, № 3 механикалық зауыт, вагон жөндеу зауыты, Мәскеу шұға фабрикасы, мақта иіру фабрикасы, трикотаж және кондитер фабрикалары және басқа да кәсіпорындар болды (ҚР ҰА. 79 қ. 1 т. 44 іс. 25–26 пп.).

Аталған 34 кәсіпорынның ішінде Алма-Ата машина жасау зауыты (бұдан әрі – ААМЖЗ) және С. М. Киров атындағы машина жасау зауыты (бұдан әрі – № 175 зауыт) сияқты аса маңызды екі қорғаныс кәсіпорны да бар еді. Енді Алма-Ата қаласына эвакуацияланған кәсіпорындар жұмысшыларының тұрмыс-тіршілік жағдайларын партиялық бақылау комиссиясының бағалауы негізінде толығырақ қарастырайық.

Мәселен, ААМЖЗ жұмысшыларының бір бөлігі 1942 жылдың қаңтар айының басынан бастап биокомбинат клубында тұрды: барлығы 33 отбасы, 97 адам, оның ішінде 26 бала. Олар тұруға мүлде бейімделмеген, күндіз-түні жылытылмайтын, цемент еденді көрермендер залында орналастырылды. Пеш орнату үшін отын болмағандықтан, әйелдер сексеуіл мен көмірді ұрлап алуға, тасып әкелуге және биокомбинат моншасының қызметкерлерінен сұрап алуға мәжбүр болғандарын ашық айтқан. Жұмысшылар арасында бөртпе сүзек ауруы тіркелгенімен, науқастар ауруханаға жатқызылмаған, ал тұрған үй-жайлар дезинфекцияланбаған. Бір бөлмеде үш бала қайтыс болды, ал перзентханадан шыққан бір әйел егіздерінен айырылды. Зауыт жұмысшыларының біріне қайтыс болған қызын жерлеу үшін үш күн бойы өз заттарын сатуға тура келді. № 2 тігін фабрикасының Қызыл бұрышына орналастырылған жұмысшылардың жағдайы да бұдан жақсы болған жоқ. 160 адам тұрған ғимарат бірнеше апта бойы жылытылмай, соның салдарынан ылғалдылық соншалықты күшейіп, цемент еденмен галошсыз жүру мүмкін болмады, қабырғаларды түгелдей көгерген зең басып, саңырауқұлақтар өсе бастаған. Адамдар тамақ дайындай алмады, өйткені өндірістік ғимараттың ішінде орналасқан Қызыл бұрышта примус немесе темір пеш қолдануға рұқсат етілмеді (ҚР ПА. 725 қ. 4 т. 341 іс. 106–108 пп.). Айта кетерлігі, 1944 жылдың қазан айында партия бюросында әйелдер жатақханасының ерлер жатақханасына қарағанда тазалау екені,

алайда «тәртібі ерлерге қарағанда нашар» екені атап өтілген (ҚР ПА. 1110 қ. 1 т. 3 іс. 90-п.).

1943 жылдың сәуір айына қарай ААМЖЗ-дың кейбір цехтарында әлі күнге дейін душ бөлмелері мен гинекологиялық кабинеттер болмаған. Осыған байланысты зауыт дирекциясы цехтардың бірінде кадрлар бөлімі орналасқан бөлмені 1943 жылғы 1 мамырға дейін гинекологиялық кабинетке босатуды, ал 5 мамырға дейін зауытта душ салу мәселесін шешуді тапсырды (ҚР ПА. 1110 қ. 1 т. 1а іс. 225-п.).

№ 175 зауыт жұмысшыларының жағдайы да ауыр болды. 1944 жылы № 175 зауытының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының бастығы Кравецтің мәліметі бойынша, отбасылы жұмысшылар жеке үйлерден «қашып кетуге» мәжбүр болған, себебі шатырлардан су аққан, қысқы әйнектеу жүргізілмеген. Барлық жерде адамдар шамадан тыс тығыз орналастырылған, жеке санитарлық тораптар мен ас үйлер болмаған, үстелдер, орындықтар, төсектер жетіспеген. Пәтерлердің іші күйе басқан, өйткені адамдар пешке май сіңген әртүрлі шүберек-қоқысты жағып отырған. Қоқыс пен лас суды шығару үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта көлік болмаған. Жатақханалардағы жағдай да көңіл көншітпеді: тумбочкалар, ілгіштер, төсектер, үстелдер, орындықтар, су құятын бөшкелер, бас жууға арналған легендер болмады. Отбасылы емес әйел жұмысшылар тұрған әйелдер жатақханаларында отын жоқ еді, аулалардағы да, үйлердің ішіндегі де барлық ағаш құрылымдар қираған, тұтқалар, терезе жақтаулары, терезе алды тақтайшалары шешіп алынған. Моншада кезекші болмаған, лас күйі соншалық, жұмысшылардың өздері «моншада жуынбайсың, қайта кірлейсің» деп айтқан. Санитарлық-ағарту бөліміне қарасты әйелдер жатақханасында су бөшкелері де, жарық та, жуынуға арналған легендер де болмаған (ҚР ПА. 1856 қ. 1 т. 16 іс. 5-п.). Республикадағы кейбір кәсіпорындарда тұрғын үй құрылысы жүргізілді.



Сурет 1 – Орал қаласындағы К.Е. Ворошилов атындағы № 231 зауытқа қарасты екі қабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары. (ҚР ПА. 708 қ. 8 т. 1734 і. 7 п.)

[Figure 1 – Construction work of a two-storey residential building belonging to Plant No. 231 named after K.E. Voroshilov in the city of Oral. (AP RK. F. 708. Inv. 8. C. 1734. P. 7)]



Сурет 2 – Сабаннан салынған 4 пәтерлі тұрғын үй (Урал қаласындағы К.Е. Ворошилов атындағы № 231 зауыт).
(ҚР ПА. 708 қ. 8 т. 1734 і. 7 п.)

[Figure 2 – A four-apartment residential building made of straw (Plant No. 231 named after K.E. Voroshilov, Oral city).
(AP RK. F. 708. Inv. 8. C. 1734. P. 7)]

КСРО-ның өзге өңірлерінде, мысалы Оралда да, жұмысшылардың материалдық-тұрмыстық жағдайы бұдан жақсы болған жоқ. Республикадан жұмылдырылған жұмысшылардың 1942 жылғы ахуалын Свердлов облыстық ВКП(б) комитетінің нұсқаушысы Смирнова осылайша сипаттайды. Прессовщик Курамбаев өз жайын былай баяндайды: *«Мен – стахановшымын, норманы ай сайын 150–170 пайызға орындаймын, 500–600 рубль табамын, бірақ әкімшілік біздің еңбегімізді байқамайды, қалай өмір сүріп жатқанымызды білмейді. Жұмыстан түнгі 12-де келемін, су жоқ, жуынатын ештеңе жоқ, кір күйімде ұйықтаймын. Моншаға баруға іш киім жоқ, бір жыл ішінде бар болғаны бір-ақ рет іш киім алдым, оның өзі қазір жыртылып кеткен»*. Келесі бір қазақ жұмысшысы – зауытта *«Ең үздік тасушы»* атағын алып, 1942 жылдың қаңтарында 750 рубль сыйақы алған Мухамбетовтің жағдайын баяндай отырып, Смирнова бұл *«үздік»* стахановшының *«ең мүшкіл»* тұрмыстық жағдайда өмір сүргенін атап өтеді. Оның қолында кір матрас пен жамылғыдан басқа ештеңе болмаған. Бірнеше ай бойы моншаға бармағандықтан, денесі тұтас май мен күйе қабатымен қапталған. 1942 жылдың ақпанында берілген көйлегі бірде-бір рет жуылмай, клеенкаға айналған. Анықтамада Мухамбетовтің ауырғаны, мойнының түгелдей шиқан басқаны, ал кір-қоқыстың салдарынан ауруының емге көнбегені көрсетілген (СОҚҰҚО. 4 к. 38 т. 128 іс. 50-п.).

1943 жылдың жазында КП(б)К Орталық Комитетінің бригадасы республикадан тыс жерлерге жұмылдырылған қазақтардың тұрмыстық жағдайы мен жаппай-саяси жұмысын алғаш рет тексерді. 1943 жылғы 9 тамызда республика басшылығына жолданған анықтамада КП(б)К ОК өкілдері Свердлов облысында (Нижний Тагил, Первоуральск және Ревда қалаларында) жұмылдырылған жұмысшылардың басым бөлігі әртүрлі үлгідегі жатақханаларға (барактар мен жеркепелерге) орналастырылғанын, ал қолайлы жатақханаларға сирек түскенін атап өтті. Барактарда екі қабатты нарлар орнатылып, қандалалар көп болған, санитарлық жағдай өте нашар еді. Жұмысшылардың бір бөлігі тұруға мүлде жарамсыз жеркепелерде өмір сүрді, жаңбырлы күндері олардың іші суға толып кететін. Қабырғалар мен төбелердің құлауы жиі орын алған. Барлық кәсіпорындарда арнайы жұмыс киімімен қамтамасыз ету мәселесі өте қиын жағдайда болды (ҚР ПА. 708қ. 7/1 т. 664 іс. 17-п.).

Осы тексеріс 1943 жылғы 28 маусым мен 3 шілде аралығында жүргізіліп, оның барысында № 518 зауыт әкімшілігінің алдына жұмысшылардың тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселесі қойылды. Алайда 22–25 қыркүйек аралығында өткен қайта тексеру соңғы үш ай ішінде қазақ жұмысшыларының жағдайы өзгермегенін анықтады. 1943 жылғы 27 қыркүйектегі мәлімет бойынша зауытта 221 қазақ жұмыс істеген, олардың басым бөлігі, соның ішінде стахановшылар да, аяқ киімге мұқтаж болды. Мәселен, Умаров зауыттың үздік

жұмысшысы ретінде «Ревдинский рабочий» газетінде бірнеше рет жазылғанымен, цехта «оны ұмытып кеткен», жұмыс істеген бүкіл кезеңінде оған киім де, аяқ киім де бір рет те берілмеген. Қазақ жұмысшылары арасындағы аурушаңдық арта түсті: 1943 жылғы маусымда еңбекке жарамсыздық парағында 18 адам болса, тамызда – 34, ал қыркүйектің 23 күнінде – 27 адам тіркелген. Аурулардың сипаты негізінен тұмау мен фурункулез болды. Қыркүйек айының басында зауытта қазақ жұмысшыларының тұрмыстық жағдайы мәселелері бойынша комиссия жұмыс істегенімен, ай соңына дейін оның бірде-бір практикалық ұсынысы орындалмаған (СОҚҰҚО. 4 қ. 38 т. 128 іс. 69 п.). Қыркүйек айында әлі де 165 адам аяқ киімге мұқтаж болды, 20 жұмысшы жұмысқа жалаңаяқ барған. Соның салдарынан 15 қазақ жұмысшысы туберкулез ауруына шалдыққан. Екі адам ауруханада жатты және оларды елге қайтару көзделді. Ашық түрдегі туберкулезбен ауырғандар сау адамдармен бір бөлмеде тұрған. Зауытта ұлттық тағамдар дайындалмаған, жұмысшыларға шай өте аз берілген (СОҚҰҚО. 4 қ. 38 т. 128 іс. 38 п.). Тек 1944 жылға қарай ғана № 518 зауыттағы материалдық-тұрмыстық жағдай біршама жақсара бастады.

Арнайы жұмыс киімінің қатты жетіспеуі және оны жуу мүмкіндігінің болмауы салдарынан жұмысшылар өте кір киім киюге мәжбүр болды. Мәселен, 1943 жылдың жазында Орал өңірінде № 518 зауытта еңбек еткен 264 қазақтың жағдайы ерекше ауыр екені атап өтілді. Жұмысшылардың қолында екі жыл бұрын берілген бір ғана жұмыс костюмі болды. Эмульсияға әбден сіңіп кеткен арнайы киіммен олар әрі жұмыс істеді, әрі ұйықтады, өйткені іш киімдері мүлде болмады (ҚР ПА. 708 қ. 7/1 т. 664 іс. 17 п.). 1941 жылы Аягөз станциясының паровоз бөлімшесі басшыларының бірі қызықты тәжірибе жүргізген. Ол таза мақта фуфайканы (1400 г) және кочегардың фуфайкасын (7000 г) таразыға тартып көріп, бір жылдың ішінде оның бойына 5600 г кір жиналғанын анықтаған. Ал басқа жұмысшылардың фуфайкаларында орта есеппен 1400 г кір жиналған (ҚР ПА. 708 қ. 5/1 т. 910 іс. 171 п.). Осындай ауыр әрі лас киіммен адамдар күніне 10 сағаттан да артық уақыт жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Жылы киім мен арнайы жұмыс киімін тарату мәселесінде барлық жерде елеулі қиындықтар орын алды: мұндай киімдер жұмысшыларға да, ФЗО оқушылары мен түлектеріне де жетіспеді. 1941 жылғы желтоқсанда жүргізілген тексеру нәтижесінде республикалық Еңбек ресурстары басқармасының Доссордағы ФЗО оқушыларын ашық ауада жұмыс істеуге қажетті жылы және брезенттен тігілген арнайы киімдермен, сондай-ақ аяқ киіммен қамтамасыз етуді «жол беруге болмайтындай» деңгейде созып жібергені анықталды (ҚР ПА. 708 қ. 5/2 т. 177 іс. 3 п.).

Осылайша, тұрғын үй мен санитарлық жағдайлардан, сондай-ақ қарапайым гигиеналық рәсімдерді сақтау мүмкіндігінен бөлек, жұмысшылардың денсаулығына жылы киім мен арнайы жұмыс киімінің болмауы да айтарлықтай әсер етті.

Еңбек жағдайларының аурушаңдық пен жарақаттануға ықпалы

Өнеркәсіп кәсіпорнындағы жұмысшының еңбек жағдайы екі құрамдас бөліктен тұрады: салауатты еңбек жағдайлары және қауіпсіз еңбек жағдайлары. Салауатты еңбек жағдайлары санитарлық-гигиеналық факторлардың жиынтығымен айқындалады, олар нормаланады, сақталады және бақылауда болады. Ал қауіпсіз еңбек жағдайлары еңбек қауіпсіздігі ережелері арқылы реттеледі. Өндірістік үдеріс барысында жұмысшының денсаулық жағдайына жұмыс орнының температурасы мен ылғалдылық деңгейі, жарықтандыру мен шу деңгейі, ауада зиянды химиялық заттар мен шаңның болуы, еңбектің ауырлығы мен қарқындылығы, сондай-ақ жұмыс орнын қауіпсіз ұйымдастыру сияқты факторлар әсер етеді (Жаркынбаева, 2022: 39–47).

Сонымен бірге алғашқы бесжылдықтар жылдарында зауыттар мен жұмысшы кенттерін жоспарлау және салу рекордтық қысқа мерзімде жүзеге асырылды, бұл өз кезегінде кәсіпорындарды жобалау мен олардың жұмыс істеуінде кемшіліктердің туындауына, жұмысшылардың тұрмыс жағдайы мен еңбекті қорғауға қатысты мәселелердің жеткілікті деңгейде ойластырылмауына сөзсіз алып келді. Мәселен, 1933 жылдың соңына қарай республиканың бірде-бір қаласында кәріз жүйесі болмаған, ал су құбыры жүйесі өте әлсіз

дамыды. Қарағандыда жұмысшы кенттері шахталардың жанына ешқандай болашақ жоспарсыз салынды. 1931 жылғы маусымда № 1 шахта жанындағы кенттердің бірінде мың адамнан тұратын халық 10 жеркепеге, 4 саман үйге және 10 тас баракқа орналастырылды. Негізінен қазақтар тұрған жеркепелер комиссияның пікірінше тұруға мүлде жарамсыз болған. Сондықтан кейбір жұмысшылар, әсіресе қазақтар, жаз мезгілінде киіз үйлерде тұруды жөн көрді, ал мұндай қоныстану сырт көзге жұмысшы кенті мен қазақ ауылының аралас үлгісіндей көрінді (Ким, 2017: 216).

Республиканың түсті металлургия кәсіпорындарында еңбек жағдайлары аса зиянды болып, жарақаттану деңгейі өте жоғары қалыптасты. Мәселен, Шымкент қорғасын зауытында (бұдан әрі – ШҚЗ) 1941 жылы 2377 еңбекке жарамсыз күнмен тіркелген 164 жағдай болса, 1942 жылы бұл көрсеткіш 4439 күнмен 275 жағдайға дейін өсті (ҚР ПА 708 қ. 6/1 т. 816 іс. 14 п). 1941 жылдың тамыз айында партия бюросында зауыттағы еңбек қауіпсіздігі техникасының нашар ұйымдастырылуына қатысты жұмысшылардың шағымдары айтылды: жұмысшылар респираторлармен қамтамасыз етілмеген, ал бар респираторлардың өзі жарамсыз күйде болған (ТоҚСТМА. 234 қ. 1 т. 214 іс. 122 п.). ШҚЗ-ның ватер-жакет цехы жұмысшылардың денсаулығы үшін ең қауіпті бөлімше саналды. Мысалы, 1941 жылдың күзінде ғана кәсіби улану жағдайларының көбеюіне байланысты зауыт дирекциясы басқа цехтардан ватер-жакет цехына 75 жұмысшыны ауыстырды. Алайда көп ұзамай осы жұмысшылардың басым бөлігі элеуметтік сақтандыру есебінде ұсталатын жағдайға түсті, ал кәсіпорынның өзінде білікті кадрлардың тапшылығы сақтала берді (ТоҚСТМА 40 қ. 4 т. 211 іс. 93–94 пп).



Сурет 3 – ШҚЗ-дың бір цехындағы № 6 қазандық маңында үйілген айналмалы бөлшектер. (ҚР ПА. 708 қ. 4 т. 169 і. 1 п.)

[Figure 3 – Rotary parts piled up near Boiler No. 6 in one of the workshops of the ShKZ plant. (AP RK. F. 708. Inv. 4. C. 169. P. 1)]

Бұл жағдай зауыттағы еңбекті ұйымдастырудың қалыптасқан парадоксты ахуалын айқын көрсетеді. Еңбек жағдайларының нашарлығынан білікті жұмысшылар уақытша немесе толық еңбекке жарамсыздық салдарынан қатардан шығып отырды. Олардың орнына көбіне кәсіби дайындығы төмен, тіпті іс жүзінде оқытылмаған жаңа келген жұмысшылар қабылданды, алайда олар да улану, апаттар мен жарақаттар себепті көп ұзамай жұмыс қатарынан шығып қалатын. Зауытта қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға елеулі қаржы бөлінбеуі ауруға шалдыққан немесе жарақат алған жұмысшыларды элеуметтік сақтандыру есебінен ұстауға әкеліп, ақыр соңында еңбек ресурстарының апатты түрде тапшылығына соқтырды.

Лениногорск қорғасын зауытының цехтарында да жағдай кем түскен жоқ. Партиялық бақылау комиссиясының атап көрсетуінше, бұл жерде «дерлік күн сайын» апаттар болып отырған. Кәсіпорын толық жұмыс күшімен қамтамасыз етілгеніне қарамастан, аурушандық деңгейінің жоғары болуына байланысты жабдықтардың үздіксіз жұмысын толық қамтамасыз

ету мүмкін болмады. Қалалық партия комитеті цехтардағы еңбек жағдайын дереу жақсартуды және аурушандықты төмендетуді зауыт директорынан талап етудің орнына, дәрігерлерді сынға алып, еңбекке жарамсыздық парақтарын беруді қысқартуды талап етті (ҚР ПА. 725 қ. 4 т. 165 іс. 52 п.).

Мұндай тәжірибе сол кезеңде кеңінен таралғанын мойындау қажет. Мәселен, 1943 жылы Түркістан–Сібір темір жолының дәрігерлік-санитарлық қызметінің жұмысы тексерілген кезде инспекторлар жол басшылығын жарақаттануды азайту бағытында күрес жүргізілмегені, оның себептері зерттелмегені және «*өндірістік дәрігердің*» болмағаны үшін сынға алды. Бұдан да сорақысы, аурушандық пен жарақаттануды төмендетуге бағытталған нақты шаралар әзірлеудің орнына, дәрігерлік-санитарлық қызмет «*ең аз қарсылық жолын*» таңдады. Атап айтқанда, емдеу бөлімі аурухана парақтарын беруге ғана бақылау орнатты, оларды емхана «менгерушісі» беретін болды да, ал емдеуші дәрігердің жауапкершілігі төмендетілді. Мұның салдары ретінде берілген еңбекке жарамсыздық парақтарының саны азайды (ҚР ПА. 708 қ. 1.1. т. 1055 іс. 2-п.).

Көптеген кәсіпорындарда суды жеткізу мен оның сапасына қатысты күрделі мәселелер болды. 1941 жылы Шымкент қорғасын зауытында цехтарда ауызсу режимі жиі сақталмаған: су жеткіліксіз берілді, ал соңғы талдаулар бойынша сапалы деп танылғандықтан, су хлорланбады. Соның салдарынан жұмысшылар мұзбен салқындатылған шикі суды ішуге мәжбүр болды. Душ бөлмелерінде құрамында бір литріне дейін 3 мг қорғасын бар шлак түйіршіктерін өндеуден өткен су пайдаланылды және т.б. (ҚР ПА. 708 қ. 5/1 т. 767 іс. 48–49 шп.).

1943 жылдың сәуір айында ААМЖЗ жұмысшылары қайнатылған сумен қамтамасыз етілмеген. Осы мәселені шешу үшін дирекцияға мамыр айына дейін ыстық цехтарда еңбек ететін жұмысшыларды қайнатылған және газдалған сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру ұсынылды (ҚР ПА. 1110 қ. 1 т. 1а іс. 225 п.).

№ 175 зауыттың цехтары мен жатақханаларында да қайнатылған немесе газдалған су болмады. Жұмысшылар крандардан, ал көбіне арықтардан алынған шикі суды ішті. Соның салдарынан жедел асқазан-ішек аурулары жиі тіркелді. Мәселен, 1945 жылдың мамыр айында 62, маусымда – 83, ал шілденің алғашқы жартысында – 77 ауру жағдайы анықталды (ҚР ПА. 708 қ. 9 т. 1518 іс. 142–144-шп.).

Зерттеушілер В. Голдман мен Д. Фильцер соғыс жылдарында қорғаныс өнеркәсібі жұмысшыларының еңбек жағдайлары жалпы алғанда нашарлаған деген қорытындыға келеді. Жұмысшылар арасындағы аурушандық деңгейі соншалықты өсті, тіпті қосымша жұмыс сағаттарынан күтілген өндіріс өсімінің басым бөлігін жоққа шығарды. Өндірістегі жазатайым оқиғалардың саны артты, өйткені шаршау мен көпсағаттық жұмыс өз салдарын тигізді. Қорғаныш жұмыс киімінің, душ бөлмелерінің жоқтығы және санитарлық жағдайдың нашарлығы салдарынан уытты химиялық заттардың жұмысшыларға әсері күшейді. Қорғаныс құралдарының, соның ішінде көзілдіріктер мен арнайы жұмыс киімдерінің жетіспеуі өндірістегі жазатайым оқиғалардың күрт көбеюіне әкелді (Goldman. Filtzer. 2021: 234).

Айта кетерлігі, М.Ф. Владимирский бұған дейін-ақ, 1930 жылдың тамыз айында «Правда» газетінде жарияланған «Аурушандықпен күрес өнеркәсіпке жаңа ресурстар береді» атты мақаласында еңбектің өнімділігін арттырудағы денсаулық сақтаудың әлеуетін дәл көрсеткен еді. Ол жұмысшылардың еңбек өнімділігін көтерудің бұрыннан белгілі көптеген құралдары мен әдістерімен қатар, мысалы, социалистік жарыс пен екпінділер қозғалысымен бірге, әлі де пайдаланылмай келе жатқан, зор мүмкіндіктерге ие жаңа ресурстар бар екенін атап өтті. Мұндай ресурстарға өнеркәсіп жұмысшылары арасындағы аурушандықты төмендету, аурулар мен жарақаттар салдарынан еңбекке жарамдылықтың жоғалуымен күрес жатады. М.Ф. Владимирский бұл тұжырымын Ленинград бойынша келтірілген деректермен негіздеді: 1928–1929 жылдары жұмысшылардың ауруына байланысты өндіріс көлемінің жоғалуы 117 млн рубльді құраған, бұл Ленинград өнеркәсібі өнімінің жылдық жалпы өсімінің 25 % тең болған (Барсуков, 1957: 393).

1944 жылдан бастап мемлекет жұмысшылардың тұрмыс-тіршілігі мен еңбек

жағдайларын жақсартуға бағытталған бірқатар шешімдер қабылдай бастады. Жұмысшылардың еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруда 1944 жылғы 21 қаңтарда БКЖОК (ВЦСПС) қабылдаған «Еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор туралы ереженің» маңызы зор болды. Аталған инспекторға жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс күндерінің, еңбек демалыстарының және түскі үзілістердің берілуі жөніндегі заңнаманың қалай сақталатынын бақылау өкілеттігі жүктелді (Сахарова, 1960: 790). Сонымен бірге инспектордың кәсіподақ мүшелері арасынан сайланып, еңбекті қорғау бойынша кең ауқымды міндеттерді «қоғамдық жұмыс тәртібімен, жұмыс уақытынан тыс» орындауы тиіс болғанын ескерсек, тексеру жүргізуге уақытының айқын жеткіліксіз болғаны аңғарылады.

Алайда жалпы алғанда, кәсіпорын басшылығы дәстүрлі түрде жұмысшылардың тұрмыс жағдайы мен еңбекті қорғау мәселелеріне екінші кезектегі мән беріп, негізгі назарды өндіріс қарқыны мен жоспарлық көрсеткіштерге аударды.

Медициналық көмекті көрсетудің өндірістік қағидаты

Индустрияландыру және Кеңес Одағы аумағында жаңа өнеркәсіп орталықтарының құрылуы осы кәсіпорындарда еңбек еткен жұмысшыларға арналған емдеу мекемелері жүйесін ұйымдастыру міндетін алға қойды. 1930 жылы РКФСР Денсаулық сақтау халық комиссариаты алғашқы бесжылдықтың жаңа нұсқасын ұсынды, онда «социалистік құрылыс ісіндегі рөліне сәйкес халықтың жекелеген топтарына сараланған медициналық қызмет көрсету қағидаты» негізге алынды. Индустриялық сектор бойынша бесжылдық жоспар өнеркәсіп жұмысшыларына медициналық қызмет көрсетуді басымдыққа айналдыруды, ең маңызды өнеркәсіп аудандарында ауруханадан тыс және стационарлық медициналық көмекті барынша кеңейтуді көздеді (Барсуков, 1957: 393). Көріп отырғанымыздай, мұнда индустрияландырудың тағдыры, түптеп келгенде елдің экономикалық дамуы тікелей тәуелді болған өнеркәсіп жұмысшыларына алғашқы кезекте қызмет көрсету туралы сөз болып отыр.

Кеңестік денсаулық сақтау тарихында жалпы алғанда здравпункттер айрықша рөл атқарды. Алғашқы бесжылдық жылдарында өнеркәсіп кәсіпорындарындағы здравпункттердің саны 1928 жылғы 1942-ден 1932 жылы 6139-ға дейін өсті, яғни үш еседен астам артты. Здравпункттер желісі елдің аса маңызды өнеркәсіп аудандарында және көмір, металлургия, машина жасау сияқты жетекші өнеркәсіп салаларында әсіресе қарқынды дамыды (Барсуков, 1957: 393).

Соғыс жылдарында кеңестік денсаулық сақтау жүйесі халыққа медициналық көмек көрсетудің өндірістік қағидатына негізделді. Жұмысшыларға санитарлық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз ету мен медициналық көмек көрсетуге арналған қызметтер соғыс қарсаңында кәсіпорындарда құрылып, олардың балансында болуы тиіс еді. КСРО Денсаулық сақтау халық комиссариатының 1940 жылғы 29 маусымдағы бұйрығы кәсіпорындарға поликлиника, аурухана, ясли, сүт асханасы, орталық және цехтық здравпункттерді қамтитын, зауыттың медициналық-санитарлық бөлімшелеріне бағындырылған жабық ведомстволық денсаулық сақтау желісін құру міндетін жүктеді.

Жекелеген ірі өнеркәсіп кәсіпорындары жанындағы медициналық-санитарлық бөлімшелер соғысқа дейін де болған, алайда ол кезеңде мұндай мекемелер сирек, жекелеген сипатта ғана қызмет еткен (Барсуков, 1957: 393).

Республика кәсіпорындарында, жалпы КСРО бойынша да, соғыс қарсаңында ведомстволық кешенді медициналық мекемелер – медициналық-санитарлық бөлімшелер (медсанбөлімшелер) желісі құрылуы тиіс еді. Алайда соғыс жағдайында бұл жоспарларды іс жүзінде жүзеге асыру оңай болған жоқ. Мәселен, республиканың бірқатар кәсіпорындарының, әсіресе эвакуацияланғандарының цехтары мен жатақханаларында здравпункттерді ашу және оларды медициналық кадрлармен толықтыру, дәрі-дәрмек пен таңу материалдарымен қамтамасыз ету мәселелері өткір күйінде қалып, бұл медициналық көмектің толық қамтылмауына және оны көрсетудің кешеуілдеуіне әкелді.

Кәсіпорын цехтарында здравпункттердің болмауы немесе олардың дәрі-дәрмек пен таңу материалдарымен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмеуі өндірістегі жазатайым оқиғалар

кезінде медициналық көмектің кешігіп көрсетілуіне соқтырды. Мәселен, № 317 зауыт 1941 жылдың қазан айынан бастап тәулік бойы жұмыс істегендіктен, зауыттың медициналық пунктінде медицина қызметкерлерінің тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз етуді сұрап келген. Алайда алты айдың ішінде медпункт толық жабдықталған жоқ. Осыған байланысты зауыт басшылығы түнгі ауысымдағы жұмысшыларға медициналық қызмет көрсету мәселесін шешуді талап етті, себебі дәл осы уақытта жарақат алу қаупі арта түсетін (ҚР ПА. 708 қ. 6/1 т. 644 іс. 31-п.).

Осындай жағдай соғыс жылдарының бүкіл кезеңі бойы республиканың басқа да зауыттарында сақталды. Кәсіпорындарда алдын алу жұмыстары айтарлықтай әлсіреді: мысалы, бриллиант жасылы немесе йод ерітінділерінің, таңу материалдарының болмауынан ұсақ жарақаттар өңделмей қалды, ал бұл кейіннен жұмысшылар арасында ауыр ірінді жұқпалардың пайда болуына әкелді.

№ 175 зауыттың кейбір цехтары жылытылмаған, жұмыс істеуге мүлде бейімделмеген, ал көптеген жұмысшылардың жылы киімі мен аяқ киімі болмағандықтан, олар жиі ауырып отырды. Егер 1943 жылдың қыркүйегінде 1238 ауру жағдайы тіркелсе, қазанда – 4145, ал қараша айында аурушандық 5721 жағдайға дейін өсті (ҚР ПА 708 қ. 4 т. 650-іс. 1-п.).

Осылайша, эвакуациядан кейін № 175 зауыттың бес мың адамнан тұратын ұжымында антисанитарлық ахуалдың, материалдық-тұрмыстық және тұрғын үй жағдайларының нашарлығы салдарынан аурушандық деңгейі жоғары болды. Әсіресе жатақханаларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мәселесі өте күрделі күйінде қалды. Зауыт әкімшілігінің өтініштеріне және қалалық кеңестің ірі жатақханаларда медпункттер ашу жөніндегі шешіміне қарамастан, бұл шаралар жүзеге асырылмады. Дәрігерлер бекітілген жатақханалардың басым бөлігіне олар мүлде бармаған (аудандық денсаулық сақтау бөлімдері мұны дәрігерлердің жетіспеуімен түсіндірді) (ҚР ПА. 708 қ. 9 т. 340 іс. 16 б.).

Республикада тау-кен, көмір, металлургия және басқа да жетекші өнеркәсіп салаларының қарқынды дамуы, аса маңызды қорғаныс кәсіпорындарының эвакуациялануы емдеу-профилактикалық мекемелер желісінің кеңеюіне және соған сәйкес дәрігер кадрларына сұраныстың артуына алып келді.

Цехтардағы медициналық пункттер «медсанцех» деп аталды. Мәселен, ААМЖЗ-дың «медсанцех» қызметкерлерінен өндірістік цех жұмысшыларымен бірдей түрде мерейтойлық даталарға және социалистік жарысқа байланысты міндеттемелер қабылдау талап етілді (ҚР ПА. 1110-қ. 1-т. 1а-іс. 225-п.). 1943 жылдың сәуір айында цех бастықтары мен кәсіподақ белсенділері де еңбек жағдайын сауықтыруға, аурушандықты төмендетуге және жарақаттануды «жоюға» бағытталған санитарлық-медициналық профилактикалық шараларды өткізуге белсенді қатысуы тиіс болды (ҚР ПА 1110 қ. 1 т. 1а іс. 226-п.).

Алайда аурушандықты азайтып, жарақаттануды тек дәрістер мен жұмысшылармен жүргізілген әңгімелер арқылы ғана «жою» мүмкін бе еді? Санитарлық-профилактикалық жұмысты күшейтумен қатар, еңбек жағдайын сауықтыруға, жұмысшылардың материалдық-тұрмыстық жағдайы мен тамақтануын жақсартуға бағытталған елеулі қаржылық салымдар қажет болды. Соған қарамастан, ААМЖЗ-дың медсанцехына және кәсіподақ зауыт комитетіне цехтарда медициналық-санитарлық үгіт-насихатты күшейту, осы мақсатта жұмысшылар арасында жүйелі түрде дәрістер мен әңгімелер өткізу ұсынылды (ҚР ПА. 1110-қ. 1-т. 1а-іс. 225-п.). 1944 жылы өндірістік жарақаттануды төмендету және жою жолындағы социалистік жарыс әдістері насихатталды (РФ МА. 5475-қ. 24-т. 87 іс. 7-п.). Осылайша, үгіт пен насихатқа жүгіну аурушандық пен жарақаттанудың алдын алудың дәстүрлі әрі қолжетімді құралы болып қала берді, ал ресурстардың шектеулілігі мен міндеттердің басымдығына байланысты еңбек жағдайын түбегейлі сауықтыруға бағытталған ауқымды шараларды жүзеге асыру мүмкін болмады.

Сонымен қатар қорғаныс өнеркәсібінің кейбір кәсіпорындарына қарасты ведомстволық емханалар жұмысшылармен қатар халықтың өзге санаттарына да қызмет көрсетті. 1945 жылдың сәуір айында Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссары Чесноков № 175 зауыттың біріккен емханасын, оның контингентінің 80 пайызы зауыт жұмысшылары мен 20

пайызы ғылыми қызметкерлерден тұрғанына қарамастан, медицина институтының қарамағына беруді талап етті. Бұл ұсыныс КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің медицина институттары жанынан клиникалар құру туралы қаулысын орындау қажеттілігімен негізделді. Алайда Қорғаныс өнеркәсібі бөлімі мен зауыт әкімшілігі бұл шешімге үзілді-кесілді қарсы шығып, мұндай қадам зауыттағы санитарлық жағдай мен медициналық қызмет көрсетуді бақылауды қиындатады (науқастарды қабылдаудың созылуы, еңбекке жарамсыздық парақтарын беруге бақылаудың әлсіреуі, зауыт здравпункттерінің емханадан ажырауы) деп көрсетті (ҚР ПА. 708 қ. 9 т. 1518 іс. 32–33-пп.).

1940-жылдары салынған кейбір ведомстволық ауруханалар мен емханалар кейінгі кезеңге дейін жұмыс істеп келді. Солардың ең белгілілерінің бірі – қала орталығында, Абай даңғылы 69 мекенжайында орналасқан Алматы қаласындағы теміржол ауруханасы болды. «Түрксіб госпиталі» деген атаумен де белгілі бұл аурухана 1948–1950 жылдары архитектор М. Кудрявцевтің жобасы бойынша салынған. Мұнда өндіріс екіпінділері, құрылысшылар, машинистер және теміржолдың басқа да қызметкерлері емделді.



Сурет 4 – Алматы қаласындағы теміржол ауруханасы. Фото Orda.kz сайтынан алынды. // URL:

<https://orda.kz/remont-gospitalja-turksiba-v-almaty-zatjagivaetsja-397782/>

[Figure 4 – Railway hospital in Almaty. Photo sourced from Orda.kz. // URL: <https://orda.kz/remont-gospitalja-turksiba-v-almaty-zatjagivaetsja-397782/>]

Өнеркәсіп кәсіпорындары жұмысшыларына медициналық көмек көрсетудің өндірістік қағидаты жеткілікті дәрежеде өміршең болып, 1980-жылдарға дейін сақталды. Соғыс аяқталғаннан кейін, 1949 жылы КСРО Денсаулық сақтау министрлігі медициналық-санитарлық бөлімшелер сақталған денсаулық сақтау мекемелерінің номенклатурасы мен үлгілік санаттарын бекітті. Атап айтқанда, ауруханаларды емханалармен біріктіру нәтижесінде үлгілік емдеу-профилактикалық мекемелер ретінде мыналар белгіленді:

- а) емханасы бар аурухана;
- ә) медициналық-санитарлық бөлімше құрамына кіретін, емханасы бар өнеркәсіп кәсіпорны жанындағы аурухана;
- б) балалар консультациясы мен балалар емханасы бар балалар ауруханасы;
- в) әйелдер консультациясы бар перзентхана;
- г) тиісті стационарлық мекемесі бар диспансер (Барсуков, 1957: 393).

Мәселен, Қазақстанда 1978 жылға дейін қалалық халыққа емдеу-профилактикалық көмек көрсетудің бір нысаны ретінде ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының медициналық-

санитарлық бөлімшелері сақталып келді. Науқастар тек тұрғылықты жері бойынша емханаларда ғана емес (учаскелік қағидат), сондай-ақ жұмыс орны бойынша да ем ала алды.

1976 жылы республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарында 45 медициналық-санитарлық бөлімше, 72 дәрігерлік және 1202 фельдшерлік здравпункт жұмыс істеді. Үлгілі мекемелердің бірі ретінде Павлодар трактор зауытының медициналық-санитарлық бөлімшесіне қарасты төрт қабатты емхана аталды (Шарманов, 1978: 63).

Қорытынды

Соғыс салдарынан еңбек ресурстарының жаппай орын ауыстыруы, материалдық-тұрмыстық жағдайлар мен еңбек ахуалының нашарлауы, сонымен қатар жұмыс аптасының ұзартылуы, жұмыс күні ұзақтығының артуы және еңбектің шектен тыс қарқындылығы жалпы халықтың, әсіресе өнеркәсіп жұмысшыларының денсаулығына кері әсерін тигізді.

Майданға жақын аймақтардан эвакуацияланғандардың, арнайы қоныстандырылғандардың, тұтқындар мен әскери тұтқындардың келуі жұқпалы аурулардың таралуын күшейткен факторлардың бірі болды. Алайда аурушандықтың өсуі әрдайым көші-қон ағындарымен ғана байланысты бола бермей, халықтың жалпы физикалық жай-күйімен және негізгі санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мүмкіндігінің болмауымен де айқындалды. Қалалар мен ауылдардың элеуметтік инфрақұрылымы республика халқы санының өсуі жағдайында жеке бас гигиенасының ең төменгі деңгейін қамтамасыз ете алмады. Сумен жабдықтау мәселелері, кәріз жүйесінің болмауы және оған халықтың аз ғана бөлігінің қол жеткізуі, жеткіліксіз тамақтану мен көпсағаттық жұмыс күні соғыс уақытындағы өзге де қиындықтармен бірге аурулардың таралуына қолайлы орта қалыптастырды.

Сонымен қатар, әдетте кәсіпорын цехтарындағы жарықтандыру жеткіліксіз болып, өндірістік үй-жайлардың желдетілуі нашар еді. Душ қондырғылары жеткіліксіз болды, ал барларының бір бөлігі жарамсыз күйде тұрған, сабын жетіспеді, арнайы жұмыс киімін жуу ісі ұйымдастырылмады. Жылы киім мен аяқ киімнің болмауы көптеген суық тию ауруларына әкелсе, арнайы жұмыс киімінің жоқтығы кәсіби аурулардың туындауына және өндірістік жарақаттану жағдайларының көбеюіне себеп болды.

Жұмылдырылған жұмысшылардың еңбек жағдайлары мен медициналық-санитарлық қызмет көрсетудегі күрделі ахуал соғыспен, ресурстардың апатты түрде жетіспеуімен және кәсіпорындардың алдында тұрған басым өндірістік міндеттермен – ең алдымен майданды қамтамасыз ету қажеттілігімен айқындалды. Сонымен бірге жекелеген партиялық-кеңестік және шаруашылық органдардың жұмысшыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға деген дұрыс емес көзқарасы да өз ықпалын тигізді.

Осылайша, жұмысшыларға медициналық қызмет көрсетудің деңгейіне кәсіпорынның элеуметтік инфрақұрылымының жай-күйі, ресурстардың, соның ішінде таңу материалдары мен дәрі-дәрмектердің тапшылығы, сондай-ақ кадрлық қамтамасыз ету тікелей әсер етті.

Жалпы алғанда, кеңестік, партиялық органдар және одақтық әрі республикалық деңгейдегі денсаулық сақтау мекемелері жұмысшылардың материалдық-тұрмыстық жағдайы мен медициналық қызмет көрсетуді жақсартуға бағытталған елеулі күш-жігер жұмсады. Алайда жекелеген жағдайларда бұл шаралар белгілі бір жарлықтар мен қаулылардың талаптары орындалмауы, онсыз да тапшы азық-түлік пайкалары мен өнеркәсіп тауарларының жауапты ұйымдар мен тұлғалар тарапынан дұрыс бөлінбеуі, еңбек қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуына тиісті бақылаудың болмауы және басқа да себептерге байланысты нәтижесіз болып қалды.

Sources

- NA RK — National Archive of the Republic of Kazakhstan
- CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
- AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
- GARF — State Archive of the Russian Federation
- CDPASA — Center for Documentation of Public Organizations of the Sverdlovsk Region
- TRSAPHI — Turkestan Regional State Archive of Socio-Political History

Архив

ҚР ҰА — Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві
 ҚР ОМА — Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
 ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві
 РФ МА — Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві
 СОҚҰҚО — Свердлов облысының Қоғамдық ұйымдар құжаттамасы орталығы
 ТОҚСТМА — Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві

References

- Barsukov, 1957 — *Barsukov M.I.* Oчерки po istorii zdavoohranenija SSSR [Essays on the History of Health Care in the USSR]. Moscow: Medgiz, 1957. 393 p. (In Russ.).
- Barton, 2007 — *Barton K.* Zdravoohranenie v period pozdnego stalinizma i duh poslevoennogo gosudarstva blagodenstvija, 1945–1953 gg. [Health Care in the Period of Late Stalinism and the Spirit of the Postwar Welfare State, 1945–1953] // *Journal of Social Policy Studies*. Vol. 5. No. 4. 2007. Pp. 541–558. (In Russ.).
- Chesnokov, 1946 — *Chesnokov S.A.* Zdravoohranenie v Kazahstane [Health Care in Kazakhstan]. Alma-Ata: KazOGIZ, 1946. 71 p. (In Russ.).
- Filtzer, 2011 — *Filtzer D.* Sovetskie rabochie i pozdnij stalinizm. Rabochij klass i vostanovlenie stalinskoj sistemy posle okonchaniya Vtoroj mirovoj vojny [Soviet Workers and Late Stalinism. The Working Class and the Reconstruction of the Stalinist System after the End of World War II] / D. Filtzer. Transl. from Eng. by Raskin A.L. Moscow: ROSSPEN; “The Boris Yeltsin Presidential Center” foundation, 2011. 359 p. (In Russ.).
- Goldman, Filtzer, 2021 — *Goldman W.Z., Filtzer D.A.* Fortress Dark and Stern: the Soviet Home Front during World War II. New York: Oxford University Press, 2021. 428 p.
- Kim, 2017 — *Kim M.Yu.* Karaganda. Zhizn' ljudej v gorode uglja. 1931–1941 gg. [Karaganda. Life of People in the Coal City, 1931–1941]. Moscow: ROSSPEN, 2017. 216 p. (In Russ.).
- Kokebaeva, Shildebai, 2021 — *Kokebaeva G.K., Shildebai S.K.* Bor'ba s epidemijami v Kazahstane v pervoj treti XX v. [Fighting Epidemics in Kazakhstan in the First Third of the 20th Century] // *Oriental Studies*. Vol. 14. No. 4. 2021. Pp. 673–684. DOI: 10.22162/2619-0990-2021-56-4-673-684 (In Russ.).
- Kozhurin, 1990 — *Kozhurin V.S.* Neizvestnaja vojna. Dejatel'nost' Sovetskogo gosudarstva po obespečeniju uslovij zhizni i truda rabochih v gody Velikoj Otechestvennoj vojny [The Unknown War. The Activities of the Soviet State to Ensure Living and Working Conditions of Workers during the Great Patriotic War]. Moscow, 1990. 288 p. (In Russ.).
- Krasnozhenova, 2012 — *Krasnozhenova E.E.* Zdravoohranenie Nizhnego Povolzh'ja v period Velikoj Otechestvennoj vojny (1941–1945 gg.) [Health Care of the Lower Volga Region during the Great Patriotic War (1941–1945)] // *Izvestiya Altai State University. History*. 2012. No. 4–1 (76). Pp. 140–143. (In Russ.).
- Michaels, 2003 — *Michaels P.* Curative Powers: Medicine and Empire in Stalin’s Central Asia. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2003.
- Potemkina, Zharkynbayeva, Anufrieva, 2023 — *Potemkina M.N., Zharkynbayeva R.S., Anufrieva E.V.* Social'naja infrastruktura predpriyatija kak glavnyj faktor zhizneobespečenija rabochih v voennye gody (1941–1945 gg.) [Enterprise Social Infrastructure as the Main Factor of Workers’ Life Support during the War Years] // *Vestnik Volgograd State University. History. Area Studies. International Relations*. Vol. 28. No. 1. 2023. Pp. 53–64. DOI: 10.15688/jvolsu4.2023.1.5 (In Russ.).
- Saktaganova, Abdrakhmanova, 2015 — *Saktaganova Z.G., Abdrakhmanova K.K.* Povsednevnost' Central'nogo Kazahstana v poslevoennoe desjatiletie: problemy zdorov'ja gorodskogo naselenija i sistemy zdavoohranenija [Everyday Life of Central Kazakhstan in the Postwar Decade: Health Problems of Urban Population and Health Care System] // *Vestnik Omsk University. Historical Sciences*. No. 4 (8). 2015. Pp. 90–99. (In Russ.).
- Samrin, 1958 — *Samrin R.I.* Oчерки istorii zdavoohranenija Kazahstana [Essays on the History of Health Care in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1958. 161 p. (In Russ.).
- Sharmanov, 1978 — Ed. by *Sharmanov T.Sh.* Zdravoohranenie Kazahstana [Health Care of Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1978. 63 p. (In Russ.).
- Starks, 2017 — *Starks T.A.* Propagandizing the Healthy, Bolshevik Life in the Early USSR. *American Journal of Public Health*. Vol. 107. No. 11. 2017. Pp. 1718–1724. <https://doi.org/10.2105/AJPH.2017.304049>
- Usoltseva, 2016 — *Usoltseva N.L.* Obespečenje sanitarno-epidemičeskogo blagopoluchija Juzhnogo Urala v gody Velikoj Otechestvennoj vojny [Ensuring Sanitary and Epidemiological Welfare of the Southern Urals during the Great Patriotic War] // *Magistra Vitae*. 2016. Pp. No. 1. 128–137. (In Russ.).
- Zharkynbayeva, et al., 2025 — *Zharkynbayeva R., Abdiraïymova A., Zhanabay A.* “Nevidimyj front” tyla: vklad protivoepidemičeskikh komissij v bor'be s infekcionnymi zabolëvanijami v KazSSR (1941–1945 gg.) [“The Invisible Front” of the Home Front: The Contribution of Anti-Epidemic Commissions to the Fight against Infectious Diseases in the Kazakh SSR (1941–1945)] // *Gumilyov Journal of History*. Vol. 153. No. 4. 2025. Pp. 129–146. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-153-4-129-146> (In Russ.).
- Zharkynbayeva, et al., 2025 — *Zharkynbayeva R., Zhanabay A., Baigunakov D.* Zhenskaja trudovaja

povsednevnost' v tylu: uslovija i mediko-sanitarnoe obespechenie (na materialah Kazahskoj SSR) [Women's Labor Everyday Life in the Rear: Conditions and Medical-Sanitary Provision (Based on the Kazakh SSR)] // *Quaestio Rossica*. Vol. 13. No. 2. 2025. Pp. 459–475. DOI: 10.15826/qr.2025.2.977 (In Russ.).

Әдебиеттер тізімі

- Барсуков, 1957 — *Барсуков М.И.* Очерки по истории здравоохранения СССР. М.: Медгиз, 1957. 393 с.
- Бартон, 2007 — *Бартон К.* Здравоохранение в период позднего сталинизма и дух послевоенного государства благоденствия, 1945–1953 гг. // *Журнал исследований социальной политики*. 2007. Т. 5. № 4. С. 541–558.
- Голдман, 2010 — *Голдман В.З.* Женщины у проходной. Гендерные отношения в советской индустрии (1917–1937 гг.) / пер. с англ. В.Ю. Лобовской. Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд «Президентский центр Б.Н. Ельцина», 2010. 358 с.
- Жаркынбаева, т.д., 2025 — *Жаркынбаева Р., Абдирайымова А., Жанабай А.* «Невидимый фронт» тыла: вклад противоэпидемических комиссий в борьбе с инфекционными заболеваниями в КазССР (1941–1945 гг.) // *Gumilyov Journal of History*. 2025. Т. 153. № 4. С. 129–146. DOI: 10.32523/3080-129X-2025-153-4-129-146.
- Жаркынбаева, т.д., 2025 — *Жаркынбаева Р., Жанабай А., Байгунаков Д.* Женская трудовая повседневность в тылу: условия и медико-санитарное обеспечение (на материалах Казахской ССР) // *Quaestio Rossica*. 2025. Т. 13. № 2. С. 459–475. DOI: 10.15826/qr.2025.2.977.
- Здравоохранение Казахстана, 1978 — *Здравоохранение Казахстана* / под ред. Т.Ш. Шарманова. Алма-Ата: Казахстан, 1978. 63 с.
- Ким, 2017 — *Ким М.Ю.* Караганда. Жизнь людей в городе угля. 1931–1941 гг. Москва: РОССПЭН, 2017. 216 с.
- Кожурин, 1990 — *Кожурин В.С.* Неизвестная война. Деятельность Советского государства по обеспечению условий жизни и труда рабочих в годы Великой Отечественной войны. Москва: 1990. 288 с.
- Кокебаева, Шилдебай, 2021 — *Кокебаева Г.К., Шилдебай С.К.* Борьба с эпидемиями в Казахстане в первой трети XX в. // *Oriental Studies*. 2021. Т. 14. № 4. С. 673–684. DOI: 10.22162/2619-0990-2021-56-4-673-684.
- Красноженова, 2012 — *Красноженова Е.Е.* Здравоохранение Нижнего Поволжья в период Великой Отечественной войны (1941–1945 гг.) // *Известия Алтайского государственного университета. История*. 2012. № 4–1 (76). С. 140–143.
- Потемкина, т.д., 2023 — *Потемкина М.Н., Жаркынбаева Р.С., Ануфриева Е.В.* Социальная инфраструктура предприятия как главный фактор жизнеобеспечения рабочих в военные годы (1941–1945 гг.) // *Вестник Волгоградского государственного университета. История. Регионоведение. Международные отношения*. 2023. Т. 28. № 1. С. 53–64. // DOI: 10.15688/jvolsu4.2023.1.5.
- Сактаганова, Абдрахманова, 2015 — *Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К.* Повседневность Центрального Казахстана в послевоенное десятилетие: проблемы здоровья городского населения и системы здравоохранения // *Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки»*. 2015. № 4(8). С. 90–99.
- Самрин, 1958 — *Самрин Р.И.* Очерки истории здравоохранения Казахстана. Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. 161 с.
- Усольцева, 2016 — *Усольцева Н.Л.* Обеспечение санитарно-эпидемиологического благополучия Южного Урала в годы Великой Отечественной войны // *Magistra Vitae*. 2016. № 1. С. 128–137.
- Физелер, Марквик, 2019 — *Физелер Б., Марквик Р.Д.* Советский тыл 1941–1945: повседневная жизнь в годы войны / отв. сост. Б. Физелер, Р.Д. Марквик. Москва: Политическая энциклопедия, 2019. 383 с.
- Фильцер, 2011 — *Фильцер Д.* Советские рабочие и поздний сталинизм. Рабочий класс и восстановление сталинской системы после окончания Второй мировой войны / пер. с англ. А.Л. Раскина. Москва: РОССПЭН; Фонд «Президентский центр Б.Н. Ельцина», 2011. 359 с.
- Фицпатрик, 2001 — *Фицпатрик Ш.* Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы: город / пер. с англ. Москва, 2001. 336 с.
- Хохлов, 2005 — *Хохлов Е.В.* Военная экономика СССР накануне и в годы Второй мировой войны. Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2005. 282 с.
- Чесноков, 1946 — *Чесноков С.А.* Здравоохранение в Казахстане. Алма-Ата: КазОГИЗ, 1946. 71 с.
- Goldman, Filtzer, 2021 — *Goldman W.Z., Filtzer D.A.* Fortress Dark and Stern: the Soviet Home Front during World War II. New York: Oxford University Press, 2021. 428 p.
- Michaels, 2003 — *Michaels P.* Curative Powers: Medicine and Empire in Stalin's Central Asia. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2003.
- Starks, 2017 — *Starks T.A.* Propagandizing the Healthy, Bolshevik Life in the Early USSR // *American Journal of Public Health*. 2017. Vol. 107. No. 11. Pp. 1718–1724.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

| | |
|--|-----|
| Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A. MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE)..... | 300 |
| Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A. KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN..... | 315 |
| Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y. HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK..... | 329 |
| Tulepbergenov G., Bukanova R.K. KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov) | 342 |

HISTORY

| | |
|---|-----|
| Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B. TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR..... | 354 |
| Atdaev S.J., Atdaeva O.G. HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS..... | 368 |
| Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh. ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY..... | 386 |
| Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K. SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920)..... | 400 |
| Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P. LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945)..... | 414 |
| Zakarya R., Saitbekov A.M. POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS..... | 432 |
| Kasymova D., Mukanova G., Margulan A. SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS)..... | 447 |
| Kozybayeva M.M. THE INSTITUTE OF DISENFRANCHISEMENT IN THE ELECTORAL LEGISLATION OF KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S – FIRST HALF OF THE 1930S..... | 465 |
| Nurymbetova G.R., Janysbay T.S. SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S)..... | 481 |
| Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U. ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945)..... | 502 |
| Sariguzel N. THE IMPACT OF ATATÜRK'S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY'S TAX POLICY (1930–1931)..... | 519 |
| Toktarbayuly A. THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGIİ PROVINCE)..... | 530 |
| Ualiyev T., Sabitov Zh. SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS..... | 549 |
| Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I. FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928)..... | 565 |

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

| | |
|--|-----|
| Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A. PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES | 584 |
| Sholakhov M., Nabiev R. THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES..... | 599 |

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

| | |
|--|-----|
| Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА)..... | 300 |
| Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А. ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ..... | 315 |
| Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е. ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР..... | 329 |
| Төлепбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ. ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай)..... | 342 |

ТАРИХ

| | |
|--|-----|
| Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ Өңірлік басқарудың трансформациясы..... | 354 |
| Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ..... | 368 |
| Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж. ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК..... | 386 |
| Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ. КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920)..... | 400 |
| Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ (1941–1945 ЖЖ.) ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІК ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ..... | 414 |
| Закарья Р., Сайтбеков А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР 1930–1940-ЖЫЛДАРЫ: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ..... | 432 |
| Қасымова Д.Б., Мұқанова Г.Қ., Марғұлан А.С. ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ, 1923 ЖЫЛ (МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)..... | 447 |
| Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ – 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ИНСТИТУТЫ..... | 465 |
| Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.)..... | 481 |
| Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү. 1941–1945 СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЫНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ..... | 502 |
| Сарыгүзел Н. АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931)..... | 519 |
| Тоқтарбайұлы А. ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА) НА ТРЕХ ЯЗЫҚАХ ПЕРЕВОД..... | 530 |
| Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ..... | 549 |
| Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН..... | 565 |

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|---|-----|
| Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А. ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ; ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ..... | 584 |
| Шолахов М., Набиев Н. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ..... | 599 |

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

| | |
|---|------------|
| Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА)..... | 300 |
| Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА..... | 315 |
| Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ..... | 329 |
| Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова)..... | 342 |

ИСТОРИЯ

| | |
|---|------------|
| Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ..... | 354 |
| Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ..... | 368 |
| Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА..... | 386 |
| Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920)..... | 400 |
| Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.)..... | 414 |
| Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ..... | 432 |
| Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ)..... | 447 |
| Козыбаева М.М. ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВЫБОРНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1920-Х – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ 1930-Х ГОДОВ..... | 465 |
| Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.)..... | 481 |
| Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945)..... | 502 |
| Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931)..... | 519 |
| Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА)..... | 530 |
| Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ..... | 549 |
| Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.)..... | 565 |

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|--|------------|
| Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ..... | 584 |
| Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ..... | 599 |

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13(2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй